

ЖОБА

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметінің сондай-ақ бюджеттен бөлінген қаржылардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерді басқару мен пайдалану тиімділігі» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2023 ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметінің сондай-ақ бюджеттен бөлінген қаржылардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерді басқару мен пайдалану тиімділігі» сыртқы мемлекеттік аудиті

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

1) Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің, бюджет қаражаты мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігі.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

№ р/с	Мемлекеттік аудит объектілерінің атауы	Мемлекеттік аудит объектісінің орналасқан жері (облыс/қала)
1	Түркістан облысының "Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі	Түркістан облысы, Түркістан қаласы
2	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Облыстық клиникалық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Шымкент қаласы
3	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Облыстық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Шымкент қаласы
4	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "№2 облыстық перинаталдық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Шымкент қаласы
5	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Облыстық тері-венерологиялық аурулары диспансері" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Шымкент қаласы
6	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Облыстық фтизиопульмонология орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Шымкент қаласы
7	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Облыстық психикалық денсаулық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Шымкент қаласы
8	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Облыстық ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Шымкент қаласы
9	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Облыстық балалар оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан облысы, Түркістан қаласы
10	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Сауран аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан облысы, Сауран ауданы
11	Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының "Сауран аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу	Түркістан облысы,

	жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	
28	Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының Шардара аудандық орталық ауруханасы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан облысы, Шардара ауданы
29	Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының Түркістан қалалық емханасы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан облысы, Түркістан қаласы
30	Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының №3 Облыстық перинаталдық орталығы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан облысы, Түркістан қаласы
31	Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының "Облыстық "Балықшы" фтизиопульмонологиялық оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан облысы, Түлкібас ауданы
32	Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының Облыстық балаларды оңалту орталығы "Ақ-булак" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан облысы, Түлкібас ауданы
33	Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының Облыстық балаларды оңалту орталығы "Жансая" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан облысы, Кентау қаласы
34	Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының Арыс аудандық орталық ауруханасы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан облысы, Арыс қаласы
35	Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы
36	Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының Қазығұрт аудандық ауруханасы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
37	Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының Жетісай аудандық орталық ауруханасы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан облысы, Жетісай ауданы
38	Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының Түркістан жоғары медицина колледжі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан облысы, Түркістан қаласы
39	Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының Жетісай жоғары медицина колледжі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Түркістан облысы, Жетісай ауданы

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.01.2022 – 31.03.2023 жыл.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының

қызметінің сондай-ақ бюджеттен бөлінген қаржылардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерді басқару мен пайдалану тиімділігі» аудиторлық іс-шарасы бойынша сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы 13.04.2023 – 07.08.2023 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 43 аудит объектісі қамтылды (оның ішінде 4 үстеме), оның ішінде, 1 мемлекеттік мекеме, 42 шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің өңірдегі денсаулық саласына әсерінің тиімділігі.

1. Құзыретіне сәйкес алға қойылған мақсаттарға, міндеттерге, функцияларға, өкілеттіктерге және бағыттарға қол жеткізу үшін объектілер қызметтерінің тиімділігін талдау.

Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 20 ақпандағы №26 қаулысымен «Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілген.

«Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қарасты 46 ұйым бар.

Ережеге сәйкес мекеменің мақсаты:

- 1) азаматтардың денсаулығын сақтауға конституциялық құқығын іске асырылуын қамтамасыз ету;
- 2) облыс аумағында денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;
- 3) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, білім және ғылым саласындағы заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету.

Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

өзіне жүктелген міндеттері мен функциялары шегінде шешімдер қабылдау;

заңнамада белгіленген тәртіппен өз функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен жеке және заңды тұлғалардан құжаттарды және ақпаратты сұратып алу, сондай ақ басқада мемлекеттік органдарға ақпарат беру.

Міндеттері:

- өз құзыреті шегінде жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен мәселелерді қарау;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Басқарма өзінің қарамағындағы бағынысты шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың, коммуналдық мемлекеттік мекемелердің және мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындардың жарғыларын әзірлеу.

Мақсаттарға қол жеткізуде өз өкілеттіктерімен міндеттерін іске асыру үшін қарастырылған 54 функциялар іске асырылып, келесі жұмыстар атқарылған.

2022 жылы бюджет есебінен 23,7 млрд. теңге қарастырылған 01.01.2023 жылға 21 886,8 млн. теңгесі игерілген.

Денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатына 4,7 млрд. теңге қарастырылған.

Сала желісі 746 денсаулық сақтау мекемелерінен құралады, оның ішінде, облыстық медициналық жабдықтау базасы, 33 – аурухана, 712 – амбулаторлы-емханалық мекеме, медициналық пункт, фельдшерлік-амбулаториялық пункт және басқалары.

Халыққа қашықтықтан көрсетілген медициналық қызметтердің үлесін 2022 жылы жоспар бойынша 5,0%-ға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 5,2%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамтуды 2022 жылы 30,0%-ға дейін ұлғайту көзделсе, іс жүзінде 37,4%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

2022 жылы денсаулық сақтау саласының көрсеткіштері:

- Ана өлімі (100 мың тірі туылғандарға шаққанда) – 5,2 (2021ж.-23,1) құрап, 77,5%-ға;
- Нәрестелер өлімінің деңгейі(1 000 тірі туылғандарға шаққанда) – 7,1 (Статистика агенттігінің 11 айлық мәліметі бойынша) (2021ж. – 6,11);
- Қатерлі ісіктерден болатын өлім (100 мың халыққа шаққанда) –42,7 (2021ж.– 45,8) құрап, 7,2%-ға;
- Қан айналым ауруларынан болатын өлім-жітім(100 мың адамға шаққанда) – 98,3 (2021ж. – 121,8) құрап, 26%-ға;
- Туберкулезден болатын өлім-жітім(100 мың адамға шаққанда) – 0,6 (2021ж.– 0,8) құрап, 25%-ға төмендеді.

2022 жылға жоспарланған көрсеткіштер орындалған.

«Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасының индикаторларының орындауы.

№	Атауы	Өлшем бірлігі			Орындалуы туралы ақпарат
			Жоспар	Нақты	
1	Ауылдық елді мекендерде, оның ішінде тірек және спутниктік ауылдарда фельдшерлік- акушерлік, медициналық пункттер мен дәрігерлік амбулаториялар ашу	бірлік	11,0	11,0	11 елді мекенде медициналық пункттердің құрылысы аяқталды және пайдалануға берілді
2	жылжымалы мобильді кешендердің қызметімен қамтылған халық	бірлік	317 667,0	450 398,0	Түркістан облысында 1 Камаз және 12 автобус түріндегі жылжымалы медициналық кешен 325 ауылдық елді мекенді

	саны				қамтамасыз етеді және халыққа медициналық қызмет көрсетеді. Жылжымалы медициналық кешен жыл басынан бері ауыл тұрғындарын медициналық көмекпен қамтамасыз ету мақсатында 450 398 халықты қамтыды.
3	ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көмектің жалпы көлемінде амбулаториялық деңгейде медициналық көмек көлемін кеңейту	%	57,1	62,3	Түркістан облысы бойынша "ЖМҚС" КЕАҚ деректері бойынша 2022 жылдың 12 айында көрсеткіш 62,3% - құрады.
4	Жүкті әйелдерді жеке және пәнаралық босанғанға дейінгі бақылаумен қамтуды ұлғайту	%	81,0	85,48	12 айда. 2022 ж. жүкті әйелдерді жеке және пәнаралық босанғанға дейінгі бақылаумен қамту 85,48% құрады.
5	Балаларды 1 жасқа дейін проактивті бақылаумен және скринингтермен қамтуды ұлғайту	%	84,0	96	12 айда балаларды 1 жасқа дейін проактивті бақылаумен және скринингпен қамтуды ұлғайту – 96% (неонаталдық скрининг 100%, аудиологиялық скрининг 94,3%, ерте жастағы балалардың психофизикалық скринингі 93,7%, офтальмологиялық скрининг 100%, патронаждың әмбебап прогрессивті моделі 92%)құрады
6	Мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамтуды ұлғайту	%	30,0	37,4	2022 жылдың 12 айында мүгедек балалар саны 10371, оңалту лечение алған балалар саны-3884, тиісінше көрсеткіш 37,4 құрады%
7	Салауатты өмір салтын ұстанатын Қазақстан азаматтарының	%	24,0	24,6	Көрсеткіш-Түркістан облысы бойынша салауатты өмір салтын ұстанатын Қазақстан

	үлесін арттыру				азаматтарының үлесінің артуы - 24,6% -. құрады. Көрсеткішті есептеуді ҚР Ұлттық Қоғамдық денсаулық сақтау орталығы жүзеге асырады.
8	Балалар арасында семіздік деңгейінің төмендеуі (0-14 жас)	100 мың тұрғынға шаққанда	80,4	13,5	14 жасқа дейінгі балалар арасында семіздік көрсеткіші 2022 жылдың 12 айында 13,5 құрады

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі мен Түркістан облысының әкімі арасындағы 2022-2024 жылдарға арналған тұрғындардың денсаулығы жағдайын жақсарту жөніндегі Меморандум

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2022 жыл жоспар	Факт	Орындалуы
1	2	3	4	5	
1	Стандартталған өлім коэффициенті	1000 адамға	9,12	ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалар агентігі Ұлттық статистика бюросының ресми жарияланғанын кейін нақтыланады.	ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалар агентігі Ұлттық статистика бюросының ресми жарияланғанынан кейін нақтыланады.
2	Неонаталдық өлім коэффициенті	1000 тірі туылған дарға шаққандағы	9,4	4,6	Неонаталдық өлім болған нәрестелер саны 2022 жылы 266 құрады. 1000 тірі туылғандарға шаққандағы көрсеткіш 4,6 құрады. $266*1000/57\ 429=4,6$
3	5 жасқа дейінгі балалар өлімі	1000 туылған дарға шаққандағы	23,5	10,4	5 жасқа дейінгі өлім болған балалар саны 2022 жылы 598 құрады. 1000 тірі туылғандарға шаққандағы көрсеткіш 10,4 құрады. $598*1000/57\ 429=10,4$
4	Қатерлі ісіктерден болатын өлім	100 мың халыққа шаққанд	50,5	45,2	Қатерлі ісіктерден болатын өлім 931 өлім жағдайы болды.

		a			Көрсеткіш 100 мың халыққа шаққанда 45,2 құрады. $931*100\ 000/2059978=45,2$
5	Қатерлі ісіктерді ерте анықтау(0-1 сатысы)	%	15,5	18,9	2022 жылы 0-І сатысында 356 науқас тіркелді. Көрсеткіш 2022 жылы 18,9% құрады.
6	Қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім	100 мың халыққа шаққанда	150,31	109,5	Қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім жағдайы 2022 жылы 2256 құрады. Көрсеткіш 100 мың халыққа шаққанда 2022 жылы 109,5 құрады. $2256*100\ 000/2059978=109,5$
7	Туберкулезден болатын өлім	100 мың халыққа шаққанда	1,8	0,5	Туберкулезден болатын өлім жағдайы 2022 жылы 11 құрады. Көрсеткіш 100 мың халыққа шаққанда 2022 жылы 0,5 құрады. $11*100\ 000/2059978 =0,5$
8	МСАК көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына бару саны	Жылына бір тұрғынға шаққанда	5,8	7,1	МСАК көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына бару саны - 14551418 құрады. Көрсеткіш жылына бір тұрғынға шаққанда 7,1 құрады. $14551418/2059978=7,1$
9	15-49 жас аралығындағы топта АИТВ инфекциясының 0,2-0,6 шегінде таралуы	%	0,13	0,010	Анықталған 89*100/927 021 (15-49 жас аралығындағы халық саны)
10	5 жыл өмір сүретін онкологиялық науқастардың үлес салмағы	%	47,4	54,2	5 жыл өмір сүретін онкологиялық науқастардың үлес салмағы 2022 жылы 54,2% құрады.
11	Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес вакцинациялауға жататын халықтың кемінде 95%-ын вакцинациялаумен қамту	%	95	97	2022 жылдың қорытындысымен Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес вакцинациялауға жататын халықтың кемінде 97%-ын вакцинациялаумен қамтылды.
12	Орфандық ауруларды емдеуге жергілікті бюджеттен дәрілік заттарды сатып алу		1 806 023	1 806,0 млн. тг	Орфандық ауруларды емдеуге жергілікті бюджеттен дәрілік заттарды сатып алу

	бойынша көрсеткіш				бойынша 1 806,0 млн. тг қаражат бөлінді.
13	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі сақтандырылған азаматтардың үлесі	%	84	81	Түркістан облысының 1 642 082 (81%) тұрғыны медициналық сақтандыру жүйесіне қатысу құқығына ие. Жалпы, медициналық ұйымдарға 2 020 669 тұрғын тіркелген. 2022 жылдың қорытындысымен 378 587(19%) адам МӘМС шеңберінде сақтандырылмады.
14	Қымбат зерттеулердің қол жетімділігі	қызметтер саны	111580 (МРТ-63 473, КТ-46 606, ПЭТ -1 771)	140 188 (МРТ-82 355, КТ-57832, ПЭТ -1)	2022ж. Қымбат тұратын қызметтер саны – 140 188(МРТ-82 355, КТ-57832, ПЭТ -1) құрады.
15	Дәрігер кадрлардың тапшылығын төмендету үлесі (қала)		0,04	0,22	129-164/164=0,22
16	Дәрігер кадрлардың тапшылығын төмендету үлесі (ауыл)		0,04	0,25	117-94/94=0,25
17	Ауыл тұрғындарын медициналық қызметкерлермен қамтамасыз ету деңгейі (10 000 тұрғынға шаққанда)		76,60	100	15490/2059978*10000= 100
18	Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу үшін келген жас мамандарға көрсетілген әлеуметтік қолдау шараларының үлесі		0,45	0,06	Жолданған жас мамандар/әлеуметтік көмек алғандар
19	Құрылған жаңа жұмыс орындарының саны (тұрақты)		-	-	2022 жылы бұл көрсеткіш жоспарланбаған.
20	Ауылдық елді мекендерде, оның ішінде тірек және спутниктік ауылдарда фельдшерлік-акушерлік, медициналық пункттер мен дәргерлік амбулатория ашу	Объектілердің саны	11	11	2022 жылы - 11 медициналық пункт (Сарыағаш-1, Сайрам-1, Қазығұрт-1, Келес-2, Төлеби-2, Мақтаарал-4 аудандарында) жоспарланып, 2022 жыл қорытындысымен барлығының құрылысы

					аяқталып, пайдалануға берілді.
21	Медициналық ұйымдардың медициналық техникамен жарақтандырылу деңгейі	%	83,6	84,77	2022ж. қорытындысымен 84,77%
22	Ehealth ядросымен деректер алмасуды қамтамасыз ететін медициналық ұйымдардың үлесі	%	50	65	29(Ehealth қосылған саны)*44(Мед ұйым саны)/100=65%
23	Халыққа көрсетілген қашықтықтан	%	5	5,2	Халыққа көрсетілген қашықтықтан қызметтер үлесі 2022 жылы 5,2% құрады.
24	Медициналық бейнелерді өңдеу, сақтау және беру жүйелерін енгізілген және цифрлық медициналық аппараттармен интеграциланған медициналық ұйымдардың үлесі	%	5	5	Медициналық бейнелерді өңдеу, сақтау және беру жүйелерін енгізілген және цифрлық медициналық аппараттармен интеграциланған медициналық ұйымдардың үлесі 2022 жылы 5% құрады.

Ана мен бала денсаулығын сақтау.

Ана өлімі *(100 мың тірі туылғандарға шаққанда)* – 5,2 *(2021ж.-23,1)* құрап, 77,5%-ға төмендеген.

Нәрестелер өлімінің деңгейі *(1000 тірі туылғандарға шаққанда)* – 7,1 *(Статистика агенттігінің 11 айлық мәліметі бойынша)* *(2021ж. – 6,11)* құраған.

Облыста акушер-гинекологтармен - 93%, босандыру ұйымдары неонатологтармен - 88%, анестезиолог - реаниматологтармен 89%, медициналық - санитариялық алғашқы көмек көрсету ұйымдары мен ауруханалар педиатр мамандарымен 94% қамтамасыз етілген.

Балалар кардиохирургиясы *(141 жүрекке ота, 123 қанайналым аппаратын қолдана отырып ашық жүрекке ота, 70 эндоваскулярлық ота, 31 жоғары технологиялық ота оның ішінде 29 жаңа туған нәрестелерге)*, неонаталды хирургия *(699 пренаталды консилиум жүргізілді, 170 жаңа туылған нәресте облыстық деңгейге ауыстырылды, 150 жаңа туған нәрестеге ота)*.

Сонымен қатар, 2022 жылы облыстың 15 726 бала оңалту емін алған, оның ішінде 3884 мүмкіншілігі шектеулі балалар.

Құрылыс, инфрақұрылымды дамыту

2022 жылы 31 денсаулық нысанның құрылысы жүргізілген, оның ішінде 29 ауылда. Нысандар бойынша емхана – 1, жедел медициналық көмек станциясы – 1, дәрігерлік амбулатория – 5, ФАП – 13, мед.пункт – 11.

Атап айтқанда:

Шардара ауданында ауысымына 150 адам қабылдайтын құрамында жедел жәрдем станциясымен қалалық емхана құрылысы жүргізіліп, аяқталған.

Жедел жәрдем қызметін нормативке сәйкестендіріп, жүктемесін азайту мақсатында демеушілікпен (*КАТКО қорынан*) Түркістан қаласында 25 бригадаға арналған жедел жәрдем станциясының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген.

«Ауыл Ел-Бесігі» бағдарламасы аясында 2022 жылы Түлкібас ауданы, Састөбе кентіндегі жаңа заманауи 75 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория құрылысы толық аяқталып пайдалануға тапсырылған. Қалған 4 дәрігерлік амбулатория құрылысы келесі жылдарға өтпелі.

Ордабасы ауданында «Ауыл Ел-Бесігі» бағдарламасы аясында 2022 жылға 2 фельдшерлік-акушерлік пункт, Төлеби ауданында мемлекеттік жекешелік әріптестік (МЖӘ) шеңберінде 1 фельдшерлік-акушерлік пункт 2022 жылы құрылысы толық аяқталып пайдалануға тапсырылған. Қалған 10 ФАП құрылысы келесі жылдарға өтпелі.

«Дені сау ұлт» ұлттық жобасы аясында Түркістан облысы бойынша ауылдық елді мекендерде 2022 жылы - 11 медициналық пункт (*Сарыағаш-1, Сайрам-1, Қазығұрт-1, Келес-2, Төлеби-2, Мақтаарал-4*) құрылысы жоспарланып, 2022 жыл қорытындысымен барлығының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген.

Гимараттарды санитарлық талаптарға сәйкестендіру мақсатында басқармаға қарасты 5 ауруханада (*ОПО №1, ОПО №3, Ордабасы аудандық орталық ауруханасы, Кентау қалалық орталық ауруханасы*) күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп аяқталған.

Материалдық-техникалық жарақтандыру

«СК-Фармация» шеңберінде 4 медицина ұйымы (*Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы, Сайрам аудандық орталық ауруханасы, Түркістан қалалық орталық ауруханасы, Облыстық балалар ауруханасы*) ангиография құрылысымен, 2 медицина ұйымы (*Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы, Ордабасы аудандық орталық ауруханасы*) компьютерлік томография аппаратымен жабдықталған.

Сонымен қатар, жалпы сипаттағы трансферттер есебінен 1 016 дана медициналық техникамен жасақталған, оның ішінде: анестезиология және реанимация бөлімшелерін жарақтандыру мақсатында 827 дана (*инфузиялық сорғы - 170, ашық реанимациялық - 19, медициналық функционалды кереует - 111, пациент мониторы - 128, керек жарақтарымен пациент мониторы - 20, шприцті сорғы - 364, наркозды тыныс алу аппараты - 11*).

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, босандыру және жансақтау қызметтеріне баса назар аударылып, оларды медициналық жабдықтармен жарақтандыру бойынша шаралар жүргізілген. Атқарылған іс-

шаралардың нәтижесінде медициналық техникамен жарақтандыру деңгейі – 84,35% (2021ж.-82,5%) құраған. 2021 жылмен салыстырғанда 2,5%-ға өскен.

2022 жылы Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы медициналық мекемелердің медициналық техникалармен жарақталуы

	Медициналық ұйымдардың атауы	Мед техниканың бірлік саны		Жарак танды ру %
		Норматив	о.і. нормативтен асып кетуді есепке алмағанда	
1	ГКП на ПХВ"Арысская центральная районная больница"УЗ ТО	7106	6111	86,00
2	ГКП на ПХВ"Казыгуртская центральная районная больница"УЗ ТО	15756	12781	81,12
3	ГКП на ПХВ"Кентауская городская поликлиника"УЗ ТО	4917	4326	87,98
4	ГКП на ПХВ"Кентауская городская центральная больница"УЗ ТО	2614	2172	83,09
5	ГКП на ПХВ"Жетысайская районная больница "Асык-Ата"УЗ ТО	10413	8945	85,90
6	ГКП на ПХВ"Жетысайская центральная районная больница"УЗ ТО	10156	8746	86,12
7	ГКП на ПХВ"Мактааральская районная больница "Атакент"УЗ ТО	4710	3878	82,34
8	ГКП на ПХВ"Мактааральская районная больница "Мырзакент"УЗ ТО	5237	4362	84,80
9	ГКП на ПХВ"Ордабасинская центральная районная больница"УЗ ТО	11706	10071	86,03
10	ГКП на ПХВ"Отрарская центральная районная больница"УЗ ТО	5500	4707	85,58
11	ГКП на ПХВ"Центральная больница района "Байдибек"УЗ ТО	10346	8795	85,01
12	ГКП на ПХВ"Сайрамская районная больница "Карабулак"УЗ ТО	5182	4367	84,27
13	ГКП на ПХВ"Сайрамская центральная районная больница"УЗ ТО	9568	7984	83,44
14	ГКП на ПХВ"Келесская районная больница "Абай"УЗ ТО	22502	20744	92,19
15	ГКП на ПХВ Районная поликлиника Сауран	7933	5302	66,83
16	ГКП на ПХВ"Сарыагашская центральная районная больница"УЗ ТО	20316	17416	85,73
17	ГКП на ПХВ"Сузакская центральная районная больница"УЗ ТО	8910	7407	84,13
18	ГКП на ПХВ"Ленгерская городская больница"УЗ ТО	3426	3018	88,09
19	ГКП на ПХВ"Ленгерская городская поликлиника"УЗ ТО	1753	1501	85,62
20	ГКП на ПХВ"Толембийская районная	11269	9593	85,13

	больница"УЗ ТО			
21	ГКП на ПХВ"Областной перинатальный центр №3"УЗ ТО	3243	2639	81,38
22	ГКП на ПХВ"Туркестанская городская детская больница"УЗ ТО	1881	1714	91,12
23	ГКП на ПХВ"Туркестанская городская поликлиника"УЗ ТО	4513	3853	85,38
24	ГКП на ПХВ"Туркестанская городская центральная больница"УЗ ТО	2018	1686	83,55
25	ГКП на ПХВ"Тюлькубасская центральная районная больница"УЗ ТО	14623	12428	84,99
26	ГКП на ПХВ"Шардаринская центральная районная больница"УЗ ТО	5011	4284	85,49
27	ГКП на ПХВ"Областная детская больница"УЗ ТО	6819	4791	70,26
28	ГКП на ПХВ"Областная клиническая больница"УЗ ТО	12024	10105	84,04
29	ГКП на ПХВ"Областной дерматовенерологический диспансер"УЗ ТО	1932	1715	88,77
30	ГКП на ПХВ"Областной перинатальный центр №1"УЗ ТО	4807	3888	80,88
31	ГКП на ПХВ"Областной перинатальный центр №2" УЗ ТО	2798	2254	80,56
32	ГКП на ПХВ"Областной центр фтизиопульмонологии"УЗ ТО	4769	3871	81,17
33	ГКП на ПХВ"Центр психического здоровья"УЗ ТО	2525	2277	90,18
Итого по государственным организациям		246283	207731	84,35

Кадрлық ресурстарды дамыту.

Баскармаға қарасты медицина ұйымдарында жалпы – 24 663 (*дәрігерлер-5 509, орта медицина қызметкерлері – 19 154*) медицина қызметкерлері жұмыс істейді. Дәрігерлердің 10 мың тұрғынға шаққандағы қамтамасыз етілу көрсеткіші – 27,0 (*2021ж-26,7*), орта медицина қызметкерлер – 92,6 (*2021ж-26,7*) құраған.

2022 жылға 1 663 маманды оқыту жоспарланып, 2 426 (*958 дәрігер, 1 468 орта буын*) оқытылған. 18 дәрігер Түркия еліне барып, біліктілігін арттырып, тәжірибе алмасып келген.

№	Аудан/қала атауы	Халық саны		Дәрігерлердің саны		10 мың халыққа шаққанда дәрігерлер мен қамтамасыз етуі		Орта медицина қызметкерлерінің саны		10 мың халыққа шаққанда орта медицина қызметкерлерімен қамтамасыз ету	
		01.01.2021	01.01.2022	2021	2022	2021	2022	2021	2022	2021	2022
1	Арыс	76 863	77 746	142	138	18,5	17,8	549	563	71,4	72,4

	қаласы										
2	Бәйдібек ауданы	54 360	54 411	130	135	23,9	24,8	477	464	87,7	85,3
3	Қазығұрт ауданы	108 497	109 599	218	224	20,1	20,4	845	879	77,9	80,2
4	Жетісай ауданы	173 861	175 632	342	347	19,7	19,8	1336	1369	76,8	77,9
5	Махтаарал ауданы	133 511	134 900	196	183	14,7	13,6	812	829	60,8	61,5
6	Ордабасы ауданы	122 287	123 205	193	194	15,8	15,7	690	695	56,4	56,4
7	Отырар ауданы	54 212	54 544	121	115	22,3	21,1	385	379	71,0	69,5
8	Сайрам ауданы	218 555	223 743	494	505	22,6	22,6	1697	1684	77,6	75,3
9	Сарыағаш ауданы	193 743	196 636	342	348	17,7	17,7	1248	1238	64,4	63,0
10	Келес ауданы	143 532	145 294	206	211	14,4	14,5	975	976	67,9	67,2
11	Сауран ауданы		106 030	0	120	0,0	11,3	0	525	0,0	49,5
12	Созақ ауданы	62 854	63 515	126	121	20,0	19,1	527	527	83,8	83,0
13	Төлеби ауданы	120 564	121 961	255	265	21,2	21,7	843	871	69,9	71,4
14	Түлкібас ауданы	113 027	113 604	225	221	19,9	19,5	700	712	61,9	62,7
15	Шардара ауданы	79 279	79 956	128	119	16,1	14,9	548	533	69,1	66,7
16	Кентау қаласы	209 676	103 314	328	225	15,6	21,8	1222	835	58,3	80,8
17	Түркістан ауданы	179 730	191 314	365	342	20,3	17,9	1096	1128	61,0	59,0
18	Облыстық ұйымдар			1715	1696	8,4	8,2	4974	4947	24,3	23,8
Түркістан облысы бойынша жиыны		2 044 551	2 075 404	5526	5509	27,0	26,5	1892 4	1915 4	92,6	92,3

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей денсаулық сақтау саласы бойынша аудан/қала арасында дәрігер кадрлармен қамтамасыз етілуде теңгерімсіздік бар.

2022 жылы 10 мың халыққа шаққанда дәрігерлермен қамтамасыз етуі деңгейі төмен аудандар: Сауран ауданы 11,3%, Махтаарал ауданы 13,6%, Келес ауданы 14,5%, Шардара ауданы 14,9%, Ордабасы ауданы 15,7%.

Дәрігер мамандардың тапшылығы, атап айтқанда: анестезиология және реаниматология 36, 25, акушерлік және гинекология 18, 75, стоматология (хирургическая) 14, 25, жалпы хирургия 13, ересектер мен балалар неврологиясы 11, 25, педиатрия 11,75 штаттық бірлік және т.б.

2. *Бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыларды жоспарлау негізділігі және олардың игерілуі, бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің орындалуын талдау.*

754 001 «Жергілікті деңгейде қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы мемлеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына 274 652,0 мың теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен денсаулық сақтауға арналған субвенциялар есебінен 272 545,0 мың теңге, республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен 939,0 мың теңге, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт есебінен 1 168,0 мың теңге жоспарланып, 274 643,0 мың теңгесі немесе 100,0%-ға игерілген. Игерілмеген 9,0 мың теңге үнемделген қаржы.

Бюджеттік бағдарлама аясында 42 штаттық бірлік мемлекеттік қызметкер және 16 штаттан тыс қызметшілер ұсталған.

Бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтижеге қол жеткізілген.

754 004 «Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 6 976 681,0 мың теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен денсаулық сақтауға арналған субвенциялар есебінен 6 938 984,0 мың теңге, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт есебінен 37 697,0 мың теңге жоспарланып, 6 752 418,0 мың теңгесі игеріліп, 224 263,0 мың теңгесі игерілмеген.

Аталған бюджеттік бағдарлама бойынша осы аудитпен қамтылған қаржы 3 414 138,0 мың теңге.

Басқарманың ұсынған мәліметіне сәйкес бағдарлама аясында медициналық ұйымдарға құрал-жабдықтың 877 бірлігі сатып алынған. Бұдан бөлек 5 денсаулық сақтау объектісінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілген.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері:

1. Босандыру мекемесі бойынша 105 құрал-жабдық алу жоспарланып, іс жүзінде 100 құрал-жабдық сатып алынған.

2. Балалар мекемесі бойынша 117 бірлік құрал-жабдық алу жоспарланып, іс жүзінде 95 бірлік сатып алынған.

3. Бастапқы медициналық санитарлық көмек (БМСК) қызметі бойынша 14 құрал-жабдық алу жоспарланып, іс жүзінде 14 құрал-жабдық сатып алынған.

4. Облыстық ауруханалар бойынша 38 бірлік құрал-жабдық алу жоспарланып, іс жүзінде 33 бірлік сатып алынған.

5. Аудандық, қалалық ауруханалар бойынша 725 бірлік медициналық құрал-жабдық сатып алу жоспарланып, іс жүзінде қажетті 634 құрал-жабдық сатып алынған.

6. Туберкулезге қарсы мекемесі бойынша 1 бірлік медициналық құрал-жабдық сатып алу жоспарланып, іс жүзінде қажетті 1 құрал-жабдық толық сатып алынған.

7. Медициналық пункттерді сатып алу бойынша 11 бірлік жоспарланып, іс жүзінде қажетті 11 сатып алынған.

8. Жобалау сметалық құжатамасын әзірлеу бойынша 1 бірлік жоспарланып, іс жүзінде қажетті 1 бірлік орындалған.

9. Есепті жылы 5 денсаулық сақтау объектілеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілу жоспарланып, іс-жүзінде 5 нысаның күрделі жөндеу жұмыстары толықтай аяқталып пайдалануға берілген.

Осыған орай, басқарма тарапынан жыл қорытындысымен бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтиже көрсеткіштеріне ішінара қол жеткізілген, ал түпкілікті нәтиже көрсеткішіне толық қол жеткізілгені айтылған.

Алайда, осы аудиторлық іс-шара барасында үстеме тексерумен қамтылған Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары толық аяқталмаған.

754 005 «Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 114 176,0 мың теңге қаралып, 114 138,0 мың теңгесі игерілген. Игерілмеген 38,0 мың теңге үнемделген қаржы.

Бағдарлама қаражаты есебінен ел ішінде және алыс жақын шет елдерде мамандардың біліктілігін жоғарылату және қайта даярлау бойынша 2 393 дәрігер және орта медицина қызметкері *(жоспар бойынша 2 393)* біліктілігін жоғарылатып, сертификаттар алған.

754 007 «Салауатты өмір салтын насихаттау» бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджет есебінен жоспарланған 47 240,0 мың теңге қаралып қаржы толықтай игерілген.

Бағдарлама бойынша салауатты өмір салтын насихаттау, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жобаларын, профилактикалық бағдарламаларды іске асыру бойынша ұйымдастыру шаралары, ақпараттық-білім беру іс-шаралары қарастырылған. 2022 жылға аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жалпы 89 297 іс-шара өткізу жоспарланып, нақты 89 297 іс-шаралар толығымен ұйымдастырылған.

754 008 «Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджет есебінен жоспарланған 55 887,0 мың теңге жоспарланып, 55 884,5 мың теңгесі игерілген. Игерілмеген 2,5 мың теңге үнемделген қаржы.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 0,2-0,6% шегінде 15-49 жас шамасында топта АИТВ-инфекциясының таралуын ұстап тұру бойынша нақты 0,01% (жоспар бойынша 0,12%), 15-24 жас аралығындағы жастар арасында АИТВ -инфекциясының таралуын 0,2-0,6 % ұстап тұру бойынша нақты 0,002% құрайды (жоспар бойынша 0,10%).

754 015 «Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы 1 574 739,0 мың теңге, оның ішінде: облыстық бюджет есебінен 241 568 мың теңге, республикалық бюджет есебінен 1 333

171,0 мың теңге жоспарланып, 1 516 713,1 мың теңгесі игерілген. Қаржының игерілмеу себебі, жоспардағы сыйақы соммасынан келісім шарттағы сыйақы соммасы төмен болып келеуіне байланысты.

Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясына 135 санитариялық автокөлік лизингтік келісім шартпен алынған.

754 016 «Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 21 300,0 мың теңге жоспарланып, 21 298,8 мың теңгесі игерілген, игерілмеген 1,2 мың теңге үнемделген қаржы.

754 018 «Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша жоспарланған 45 683,0 мың теңге толығымен игеріліп немесе 100% орындалған.

2022 жылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облыстық филиалы 190 талдамалық анықтамалар берілген, 802 медициналық статистикалық мәліметтер өңделген.

754 023 «Ауылдық жерлерге жұмыс істеуге жіберілген медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау» бюджеттік бағдарламасы бойынша жоспарланған 12 000,0 мың теңге толығымен игерілген.

754 027 «Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау» бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы 7 937 797,0 мың теңге жоспарланып, 7 937 795,6 мың теңгесі игерілген. 1,4 мың теңге үнемделген қаржы.

Республикалық және облыстық бюджет қаражаты есебінен бір жасқа дейінгі балаларды вакцинациялау бойынша инфекцияларға қарсы вакцина егуге жататын контингенттің вакцинациямен қамтылуы 95,0% құрайды (*жоспар 95%*). Республикалық бюджет қаражаты есебінен 636 000 адам, облыстық бюджет қаражаты есебінен 282 555 адам вакцинациямен қамтылған.

754 029 «Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары» бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы 73 059,0 мың теңге, оның ішінде: республикалық бюджет есебінен 9 786,0 мың теңге, субвенциялар есебінен 59 095,0 мың теңге, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт есебінен 4 178,0 мың теңге жоспарланып, 73 057,6 мың теңгесі игерілген. Игерілмеген 1,4 мың теңге мемлекеттік сатып алу есебінен үнемделген қаржы.

Бағдарламаға қаралған қаржыға "Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары" КММ-і күтіп ұстауына жұмсалған. Сонымен қатар, төтенше жағдайлар пайда болған кезде оның зардаптарын жоюға қажетті дәрі-дәрмектік және медициналық құралдардың жеткілікті қоры сақталған.

754 041 «Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген

2 031 793,0 мың теңгенің 2 031 790,6 мың теңгесі игерілген, 2,4 мың теңге мемлекеттік сатып алудан үнемделген қаржы.

754 042 «Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджет есебінен жоспарланған 259,0 мың теңге қаралып қаржы толықтай игерілген.

754 043 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы 1 164 508,0 мың теңге, оның ішінде республикалық бюджет есебінен 244 372,0 мың теңге, субвенциялар есебінен 920 136,0 мың теңге жоспарланып толығымен игерілген немесе 100% орындалған.

Оқу мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес және оқу бағдарламаларының негізінде «Емдеу ісі», «Акушерлік ісі», «Гигиена және эпидемиология», «Мейірбике ісі», «Лабораториялық диагностика» мамандықтары бойынша іске асырылған.

754 044 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету» бюджеттік бағдарламасы бойынша жоспарланған 17 992,0 мың жоспарланып, 17 990,8 мың теңгесі игерілген, игерілмеген 1,2 мың теңге үнемделген қаржы. Осы қаражат есебінен әлеуметтік қолдау қажет ететін 17 жетім студент а киіммен және тамақпен қамтамасыз етілген.

754 096 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасы бойынша жоспарланған 373 796,0 мың теңге қаржы толығымен игерілген.

Жалпы 2022 жылдың қорытындысымен аудитпен қамтылған 17 бюджеттік бағдарламаның 1 бюджеттік бағдарламасы бойынша тікелей және түпкілікті нәтиже көрсеткіштеріне толық қол жеткізілмеген.

«Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі 2023 жылдың 1-ші тоқсаны бойынша бюджет қаражаты

2023 жылдың 1-ші тоқсанында 926 952,0 мың теңге жоспарланып, нақты 926 278,4 мың теңге игерілген. Есепті кезеңде нақты шығыстардан үнемделген қаржы 673,0 мың теңге.

253 001 «Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарлама бойынша 2023 жылдың 1-ші тоқсанында 66 019,0 мың теңге жоспарланып, нақты 65 348,9 мың теңге игерілген. Қаралған қаржы Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының 31 штаттық бірлік мемлекеттік қызметкері және 11 штаттан тыс қызметшілердің жалақысына, іс-сапар шығындарына және тағы басқа өзге қызметтерге жұмсалған.

253 008 «Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетінің алдын алу және қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2023 жылдың 1-ші тоқсанында 10 739,0 мың теңге жоспарланып толық игерілген. Осы қаражат есебінен қызметкерлердің жалақысымен,

ғимараттың комуналдық шығындарына және ВИЧ-инфекцияның 15-49 жас аралығындағы тұлғалар арасында таралу деңгейін ұстап тұру үшін жұмсалған.

253 016 «Азаматтарды елді мекеннің шегінен тыс емделуге тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2023 жылдың 1-ші тоқсанында 6 000,0 мың теңге жоспарланып нақты 5 998,0 мың теңгесі игерілген. Осы қаражат есебінен науқасқтар және науқасты алып жүрушілер жеңілдетілген жол жүру ақысымен қамтамасыз етілген.

253 029 «Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2023 жылдың 1-ші тоқсанында 11 522,0 мың теңге жоспарланып толық игерілген. Қаралған қаржы «Облыстық арнайы медициналық жабдықтау база» КММ-ін қызметкерлердің жалақысымен, ғимараттың комуналдық шығындарына және мемлекеттік материалдық резервтің құндылықтарын сақтайтын Түлкібас ауданы, Састөбе ауылындағы № 186 қоймасы мен Төлеби ауданы, Ленгір қаласындағы № 187 қоймаларын күзетуге жұмсалады. 1-ші тоқсанға 11 522,0 мың теңге игерілген қаржы.

253 041 «Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2023 жылдың 1-ші тоқсанында 322 659,0 мың теңге жоспарланып толық игерілген. Осы қаражат есебінен Түркістан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 5/48-VII "Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді және медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы" шешіміне сәйкес, науқастар дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілген.

253 043 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2023 жылдың 1-ші тоқсанында 248 480,0 мың теңге жоспарланып толық игерілген. Осы қаражат есебінен мұғалімдердің жалақысымен, оқушылардың шәкірит ақысына, ғимараттың комуналдық шығындарына және тағы басқа өзге қызметтерге жұмсалған.

253 044 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2023 жылдың 1-ші тоқсанында 1 426,0 мың теңге жоспарланып толық игерілген. Осы қаражат есебінен әлеуметтік қолдау алатын 16 студенттің ыстық тамағына жұмсалған.

253 050 «Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2023 жылдың 1-ші тоқсанында 57 628,0 мың теңге жоспарланып толық игерілген. Осы қаражат есебінен 135 санитариялық автокөлікке жыл сайын қайта бағалау жүргізу, лизинг шартының бүкіл қолданылу мерзіміне сақтандыру үшін жұмсалған.

253 096 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бағдарламасы бойынша 2023 жылдың

1-ші тоқсанында 202 479,0 мың теңге жоспарланып толық игерілген. Осы қаражат есебінен мемлекеттік-жекешелік әріптестік бағдарламасы аясында іске асырылып пайдалануға берілген 5 фельдшерлік-акушерлік пунктін қаржысы төленген.

Жалпы аудитпен қамтылған 43 объектінің ішінде 28-объектіде қаржылық бұзушылықтар, 4-объектіде тиімсіз жоспарланған бюджет қаражаты (активтері), 31-объектіде тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражаты (активтері), 29 объектіде ықтимал шығындар мен жіберіп алған пайда фактісі және 23-объектіде 86 бірлік рәсімдік бұзушылықтар анықталған.

Яғни, бюджеттің сапалы орындалуын қамтамасыз етуге аса көңіл бөлініп, бюджет қаржысының толық игерілуін қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында жергілікті атқарушы орган тарапынан және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Мемлекеттік аудит іс-шарасы бойынша

Жалпы аудитпен 201 859 784,4 мың теңге қамтылды, оның ішінде 2022 жыл кезеңі бойынша 163 071 224,0 мың теңге, 2023 жылдың 31 наурызына дейінгі кезеңі бойынша 38 788 560,4 мың теңге қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 43 объектінің ішінде 28-объектіде **5 064 522,0** мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған, оның ішінде:

- бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **3 326,2** мың теңге;
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **5 061 196,6** мың теңге;
- ықтимал шығындар мен жіберіп алған пайда сомасы 7 566 352 мың теңге.

4-объектіде анықталған тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **1 235 392,9** мың теңге.

31-объектіде анықталған тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы **7 576 676,5** мың теңге.

29-объектіде ықтимал шығындар мен жіберіп алған пайда сомасы 7 566 352 мың теңге анықталған.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **5 064 522,0** мың теңге, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны **5 061 196,6** мың теңге, өтелуге жататыны **3 326,2** мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **708 124,8** мың теңге өтеліп қалпына келтірілген (*оның ішінде 707 064,0 мың теңге қалпына келтірілген болса, 1 060,8 мың теңгесі өтелген*).

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 86 бірлік бұзушылық фактілері 23 объектіде орын алған.

Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:

I. Бюджет қаражатын пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 11 мекемеде 3 326,2 мың теңгені құраған, атап айтқанда:

1. Айлық жалақымен қызметтік іссапар шығыстарын дұрыс есептемеу салдарынан 10 мекемеде **2185,5 мың теңге** қаржылық бұзушылықтар анықталған, олар:

- «Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша **969,0**мың теңге;
- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МКК бойынша **68,2** мың теңге;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Кентау қалалық емханасы» ШЖҚ МКК бойынша **103,4** мың теңге;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **233,4** мың теңге;
- Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **107,3** мың теңге;
- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Отырар аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **79,6** мың теңге;
- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **280,3** мың теңге;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **210,3** мың теңге;
- «№3 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК бойынша **110,0** мың теңге;
- «Жетісай жоғары медицина колледжі» ШЖҚ МКК бойынша **24,0** мың теңге.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы "Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы" №256 қаулысының 3 тармағының 1 тармақшасының, «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 бұйрығымен бекітілген ереженің 23 тармақтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.08.2001 жылғы №1127 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесінің» 4-тармағы, 1)-тармақшасының, талаптары сақталмаған. талаптары сақталмаған.

2. Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру кезіндегі бұзушылық салдарынан 1 мекемеде **829,3** мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған, ол:

- «Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша **829,3** мың теңге.

Бұл ретте, ҚР Қаржы министрінің 17.03.2015 жылғы «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» №179 бұйрығы 1-қосымшасының «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормалары» (Р/с №25) талаптары сақталмаған.

3. Кәсіпорын тенгеріміндегі азық-түлік, дәрі-дәрмектерге, заттарға жай-күйін бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асыру нәтижесінде 1 мекемеде **311,5** мың теңге қаржылық бұзушылық анықталған, ол:

- Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Жетісай аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **311,5** мың теңге.

Бұл ретте, «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 бұйрығымен бекітілген ереженің 23 тармақтарының талаптары сақталмаған.

II. 17 мекемеде бухгалтерлік есепті жүргізу және бюджеттік, қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы 5 061 196,6 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:

- «Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша **3 831 445,7** мың теңге;

- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық клиникалық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **340 162,5** мың теңге;

- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **61 014,0** мың теңге;

- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық тері-венерологиялық аурулары диспансері» ШЖҚ МКК бойынша **21 912,5** мың теңге;

- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК бойынша **680,5** мың теңге;

- Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресу орталығы» ШЖҚ МКК бойынша **2 200,0** мың теңге;

- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Кентау қалалық емханасы» ШЖҚ МКК бойынша **7 960,0** мың теңге;

- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Кентау қалалық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **101 337,8** мың теңге;

- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Асық-Ата» Жетісай аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **50 753,1** мың теңге;

- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **382 155,3** мың теңге;

- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **5 694,6** мың теңге;

- Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **4 712,0** мың теңге;
- Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Абай» Келес аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **4 712,0** мың теңге;
- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Созак аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **17 531,1** мың теңге;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Түлкібас аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **155 817,0** мың теңге;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **39 048,0** мың теңге;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Түркістан қалалық емханасы» ШЖҚ МКК бойынша **3 038,8** мың теңге;
- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Арыс аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша **31 021,7** мың теңге.

Бұл ретте: 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 115 бабының 1 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы №185 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарының» 11 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 Бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларының» 14 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 243, 244, 271, 403 тармақтарының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №281 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы» 16, 51 және 2.2.2. «Мемлекеттік мекемелер мен басқа да ұйымдардан ұзақ мерзімді активтерді өтеусіз алу» тармақтарының, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6 бабы 3 тармағының, талаптары сақталмаған.

III. 4 мекемеде тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 1 235 392,9 мың теңгені құраған.

Атап айтқанда:

- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК **413 170,7** мың теңге;
- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК **454 920,2** мың теңге;
- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Төлеби аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК **8 736,9** мың теңге;
- Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны **358 565,1** мың теңге.

Бұл ретте, ҚР 04.12.2008 жылғы №95-IV Бюджет Кодексінің 3-бабының 1-тармағының 12-4-тармақшасы, 4-бабының 12-тармақшасының, 97-бабы 3 тармағының талаптары сақталмаған.

IV. 31 мекемеде тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы 7 576 676,5 мың теңгені құраған.

Атап айтқанда:

- «Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі **77 419,4** мың теңге;

- «Түркістан қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК **206 336,7** мың теңге;

- Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК **42 725,4** мың теңге;

- Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК **77 419,4** мың теңге;

- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық клиникалық ауруханасы» ШЖҚ МКК **452 380,7** мың теңге;

- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны **59,7** мың теңге;

- Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК **256 503,7** мың теңге;

- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК **2 501 291,8** мың теңге;

- Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Сауран аудандық емханасы» ШЖҚ МКК **5 287,9** мың теңге;

- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Кентау қалалық емханасы» ШЖҚ МКК **47 965,3** мың теңге;

- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Асық-Ата» Жетісай аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК **26 576,3** мың теңге;

- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК **15 933,2** мың теңге;

- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК **61 433,7** мың теңге;

- Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сайрам аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК **6,7** мың теңге;

- Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан қалалық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК **695 250,3** мың теңге;

- Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Абай» Келес аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК **253 341,8** мың теңге;

- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Созақ аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК **217 185,0** мың теңге;

- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Төлеби аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК **160,2** мың теңге;

- Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Ленгір қалалық ауруханасы» ШЖҚ МКК **45 755,4** мың теңге;

- Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Ленгір қалалық емханасы» ШЖҚ МКК **1 181,5** мың теңге;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Түлкібас аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК **793 287,0** мың теңге;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК **185 671,4** мың теңге;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Түркістан қалалық емханасы» ШЖҚ МКК **19 371,4** мың теңге;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «№3 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК **906 900,1** мың теңге;
- Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық «Балықшы» фтизиопульмонологиялық оңалту орталығы» ШЖҚ МКК **377 522,4** мың теңге;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Жансая» облыстық балалар оңалту орталығы» ШЖҚ МКК **16 106,6** мың теңге;
- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Арыс аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК **13 216,0** мың теңге;
- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК **103 215,2** мың теңге;
- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК **166 988,3** мың теңге;
- Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Жетісай аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК **8 980,6** мың теңге;
- Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Түркістан жоғары медицина колледжі» ШЖҚ МКК **1 203,5** мың теңге.

Бұл ретте, ҚР 04.12.2008 жылғы №95-IV Бюджет Кодексінің 4-бабының 12-тармақшасының, 97-бабы 3 тармағының, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-VI «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 бабының 4 тармағының, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» №360-VI ҚРЗ Кодексінің 65-бабының талаптары сақталмаған.

V. Ықтимал шығындар мен жіберіп алған пайда сома 29 кәсіпорында 7 566 352,0 мың теңгені құраған.

Тексеру барысында Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы Төрағасының 2023 жылғы 16 наурыздағы №36-н/қ-Т бұйрығымен бекітілген 5- қосымша «Экономикалық шығындардың және жіберіп алынған пайданың мөлшері мен сыныптаушының айқындау жөніндегі әдіснамалық нұсқаулықтың» басшылыққа алынған.

Барлық анықталған жіберіп алған пайда фактілері, кәсіпорындардың қызметіндегі елеулі кемшіліктері болып саналады және 2022 - 2023 жылдың 1 тоқсанында МӘМС шарттық міндеттемелердің сәйкестігіне жүргізген мониторингінің нәтижелері бойынша анықталған.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 86 бірлік бұзушылық фактілері 23 объектіде орын алған.

Атап айтқанда:

1. Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бойынша 7 бірлік 5 мекемеде анықталған:

- Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК бойынша 2 бірлік;
- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Кентау қалалық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша 1 бірлік;
- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Созак аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша 1 бірлік;
- Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық «Балықшы» фтизиопульмонологиялық оңалту орталығы» ШЖҚ МКК бойынша 1 бірлік;
- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Арыс аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша 2 бірлік.

2. Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасын бұзушылықтары бойынша 8 бірлік 5 мекемеде анықталған:

- «Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық балалар оңалту орталығы» ШЖҚ МКК бойынша 2 бірлік;
- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Кентау қалалық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша 2 бірлік;
- Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша 2 бірлік;
- Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық «Балықшы» фтизиопульмонологиялық оңалту орталығы» ШЖҚ МКК бойынша 1 бірлік;
- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Арыс аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша 1 бірлік.

3. Өзге де салалық заңнамаларды бұзушылықтар бойынша (оның ішінде, құрылыс және қала құрылысы және мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы бұзушылықтар) 73 бірлік 22 мекемеде анықталған:

- «Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 10 бірлік;
- «Түркістан қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша 3 бірлік;
- Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша 4 бірлік;
- Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК бойынша 4 бірлік;
- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық клиникалық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша 4 бірлік;
- Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК бойынша 3 бірлік;

- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық тері-венерологиялық аурулары диспансері» ШЖҚ МКК бойынша 2 бірлік;
- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК бойынша 3 бірлік;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Кентау қалалық емханасы» ШЖҚ МКК бойынша 2 бірлік;
- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Кентау қалалық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша 5 бірлік;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Асық-Ата» Жетісай аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша 4 бірлік;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы" ШЖҚ МКК бойынша 6 бірлік;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Мырзакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша 2 бірлік;
- Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша 5 бірлік;
- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Созақ аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК бойынша 2 бірлік;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Түлкібас аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК 2 бірлік;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК 2 бірлік;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Түркістан қалалық емханасы» ШЖҚ МКК 2 бірлік;
- Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық «Балықшы» фтизиопульмонологиялық оңалту орталығы» ШЖҚ МКК 3 бірлік;
- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Ақ-булак» облыстық балалар оңалту орталығы» ШЖҚ МКК 2 бірлік;
- Түркістан облысы денсаулық басқармасының «Жансая» облыстық балалар оңалту орталығы» ШЖҚ МКК 2 бірлік;
- «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Арыс аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК 1 бірлік.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

Өңірлік және (немесе) елдік бөліністе аудиттелетін саланың, соның ішінде мемлекеттік басқарудың және (немесе) экономика саласының, әлеуметтік-экономикалық дамудың ағымдағы жай-күйі.

Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасы Түркістан облысының аумағында денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаты іске асырады.

Мақсаттарға қол жеткізуде өз өкілеттіктерімен міндеттерін іске асыру үшін қарастырылған 54 функциялар іске асырылып, келесі жұмыстар атқарылған.

2022 жылы бюджет есебінен 23,7 млрд. теңге қарастырылған 01.01.2023 жылға 21 886,8 млн. теңгесі игерілген.

Денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатына 4,7 млрд. теңге қарастырылған.

Сала желісі 746 денсаулық сақтау мекемелерінен құралады, оның ішінде, облыстық медициналық жабдықтау базасы, 33 – аурухана, 712 – амбулаторлы-емханалық мекеме, медициналық пункт, фельдшерлік-амбулаториялық пункт және басқалары.

Халыққа қашықтықтан көрсетілген медициналық қызметтердің үлесін 2022 жылы жоспар бойынша 5,0%-ға жеткізу көзделсе, іс жүзінде 5,2%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамтуды 2022 жылы 30,0%-ға дейін ұлғайту көзделсе, іс жүзінде 37,4%-ды құрап, көрсеткішке қол жеткізілген.

2022 жылы денсаулық сақтау саласының көрсеткіштері:

- Ана өлімі (*100 мың тірі туылғандарға шаққанда*) – 5,2 (2021ж.-23,1) құрап, 77,5%-ға;

- Нәрестелер өлімінің деңгейі (*1 000 тірі туылғандарға шаққанда*) – 7,1 (*Статистика агенттігінің 11 айлық мәліметі бойынша*) (2021ж. – 6,11);

- Қатерлі ісіктерден болатын өлім (*100 мың халыққа шаққанда*) – 42,7 (2021ж. – 45,8) құрап, 7,2%-ға;

- Қан айналым ауруларынан болатын өлім-жітім (*100 мың адамға шаққанда*) – 98,3 (2021ж. – 121,8) құрап, 26%-ға;

- Туберкулезден болатын өлім-жітім (*100 мың адамға шаққанда*) – 0,6 (2021ж. – 0,8) құрап, 25%-ға төмендеді.

2022 жылға жоспарланған көрсеткіштер орындалған.

Ана мен бала денсаулығын сақтау.

Ана өлімі (*100 мың тірі туылғандарға шаққанда*) – 5,2 (2021ж.-23,1) құрап, 77,5%-ға төмендеген.

Нәрестелер өлімінің деңгейі (*1000 тірі туылғандарға шаққанда*) – 7,1 (*Статистика агенттігінің 11 айлық мәліметі бойынша*) (2021ж. – 6,11) құраған.

Облыста акушер-гинекологтармен - 93%, босандыру ұйымдары неонатологтармен - 88%, анестезиолог - реаниматологтармен 89%, медициналық - санитариялық алғашқы көмек көрсету ұйымдары мен ауруханалар педиатр мамандарымен 94% қамтамасыз етілген.

Балалар кардиохирургиясы (*141 жүрекке ота, 123 қанайналым аппаратын қолдана отырып ашық жүрекке ота, 70 эндоваскулярлық ота, 31 жоғары технологиялық ота оның ішінде 29 жаңа туған нәрестелерге*), неонаталды хирургия (*699 пренаталды консилиум жүргізілді, 170 жаңа туылған нәресте облыстық деңгейге ауыстырылды, 150 жаңа туған нәрестеге ота*).

Сонымен қатар, 2022 жылы облыстың 15 726 бала оңалту емін алған, оның ішінде 3 884 мүмкіншілігі шектеулі балалар.

Құрылыс, инфрақұрылымды дамыту

2022 жылы 31 денсаулық нысанның құрылысы жүргізілген, оның ішінде 29 ауылда. Нысандар бойынша емхана – 1, жедел медициналық көмек станциясы – 1, дәрігерлік амбулатория – 5, ФАП – 13, мед.пункт – 11.

Атап айтқанда:

Шардара ауданында ауысымына 150 адам қабылдайтын құрамында жедел жәрдем станциясымен қалалық емхана құрылысы жүргізіліп, аяқталған.

Жедел жәрдем қызметін нормативке сәйкестендіріп, жүктемесін азайту мақсатында демеушілікпен (*КАТКО қорынан*) Түркістан қаласында 25 бригадаға арналған жедел жәрдем станциясының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген.

«Ауыл Ел-Бесігі» бағдарламасы аясында 2022 жылы Түлкібас ауданы, Састөбе кентіндегі жаңа заманауи 75 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория құрылысы толық аяқталып пайдалануға тапсырылған. Қалған 4 дәрігерлік амбулатория құрылысы келесі жылдарға өтпелі.

Ордабасы ауданында «Ауыл Ел-Бесігі» бағдарламасы аясында 2022 жылға 2 фельдшерлік-акушерлік пункт, Төлеби ауданында мемлекеттік жекешелік әріптестік (МЖӘ) шеңберінде 1 фельдшерлік-акушерлік пункт 2022 жылы құрылысы толық аяқталып пайдалануға тапсырылған. Қалған 10 ФАП құрылысы келесі жылдарға өтпелі.

«Дені сау ұлт» ұлттық жобасы аясында Түркістан облысы бойынша ауылдық елді мекендерде 2022 жылы - 11 медициналық пункт (*Сарыағаш-1, Сайрам-1, Қазығұрт-1, Келес-2, Төлеби-2, Мақтаарал-4*) құрылысы жоспарланып, 2022 жыл қорытындысымен барлығының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген.

Гимараттарды санитарлық талаптарға сәйкестендіру мақсатында басқармаға қарасты 5 ауруханада (*ОПО №1, ОПО №3, Ордабасы аудандық орталық ауруханасы, Кентау қалалық орталық ауруханасы*) күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп аяқталған.

Материалдық-техникалық жарақтандыру

«СК-Фармация» шеңберінде 4 медицина ұйымы (*Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы, Сайрам аудандық орталық ауруханасы, Түркістан қалалық орталық ауруханасы, Облыстық балалар ауруханасы*) ангиография құрылысымен, 2 медицина ұйымы (*Бәйдібек аудандық орталық ауруханасы, Ордабасы аудандық орталық ауруханасы*) компьютерлік томография аппаратымен жабдықталған.

Сонымен қатар, жалпы сипаттағы трансферттер есебінен 1 016 дана медициналық техникамен жасақталған, оның ішінде: анестезиология және реанимация бөлімшелерін жарақтандыру мақсатында 827 дана (*инфузиялық сорғы - 170, ашық реанимациялық - 19, медициналық функционалды кереует - 111, пациент мониторы - 128, керек жарақтарымен пациент мониторы - 20, шприцті сорғы - 364, наркозды тыныс алу аппараты - 11*).

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, босандыру және жансақтау қызметтеріне баса назар аударылып, оларды медициналық жабдықтармен жарақтандыру бойынша шаралар жүргізілген. Атқарылған іс-

шаралардың нәтижесінде медициналық техникамен жарақтандыру деңгейі – 84,35% (2021ж.-82,5%) құраған. 2021 жылмен салыстырғанда 2,5%-ға өскен.

Кадрлық ресурстарды дамыту.

Басқармаға қарасты медицина ұйымдарында жалпы – 24 663 (*дәрігерлер- 5 509, орта медицина қызметкерлері – 19 154*) медицина қызметкерлері жұмыс істейді. Дәрігерлердің 10 мың тұрғынға шаққандағы қамтамасыз етілу көрсеткіші – 27,0 (2021ж.-26,7), орта медицина қызметкерлер – 92,6 (2021ж.-26,7) құраған.

2022 жылға 1 663 маманды оқыту жоспарланып, 2 426 (*958 дәрігер, 1 468 орта буын*) оқытылған. 18 дәрігер Түркия еліне барып, біліктілігін арттырып, тәжірибе алмасып келген.

«Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасының индикаторлары орындалған.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі мен Түркістан облысының әкімі арасындағы 2022-2024 жылдарға арналған тұрғындардың денсаулығы жағдайын жақсарту жөніндегі Меморандум көрсеткіштері орындалған.

«Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесімен оған бағынысты ұйымдардың қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит аудиттелген аудит объектілерінің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсері барын көрсетті.

Сонымен қатар, азаматтардың денсаулығын сақтауға конституциялық құқығын іске асырылуын қамтамасыз ету, облыс аумағында денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, білім және ғылым саласындағы заңнамасының орындалуын қамтамасыз ету және т.б. сияқты міндеттердің іске асырылғанын көрсетті.

Бұл өз кезегінде жалпы Түркістан облысы бойынша әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалуына әсерін тигізген.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит жүргізу барысында қабылданған шаралар:

«Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасы мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметінің сондай-ақ бюджеттен бөлінген қаржылардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерді басқару мен пайдалану тиімділігі» аудиторлық іс-шарасы бойынша Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша 4 материал жолданған. Сонымен қатар, Тексеру комиссиясымен бюджет заңнамасын бұзудың 2 фактісі бойынша әкімшілік істер қаралу сатысында.

Атап айтқанда:

1. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне: Түркістан обл қоғамдық денсаулық басқармасының «Атакент» Мақтаарал аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК бухгалтерлік есеп заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, кәсіпорынның бас есепшісі Н.Айдаровқа әкімшілік хаттама толтыру және

әкімшілік шара көру үшін 09.08.2023-ғы № 09/1695 хатымен 1 материал жолданған.

2. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне: «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасы» мемлекеттік мекемесінде бухгалтерлік есеп заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес, мекеменің экономикалық жоспарлау және қаржыландыру бөлімінің басшысы Н.Тұрғанбаеваға әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін 18.08.2023-ғы № 09/1875, 18.08.2023-ғы № 09/1875 хаттарымен 2 материал жолданған.

3. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне: «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасы» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзу фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 207 бабына сәйкес, Мекеме басшысының орынбасары Е.Тәжімұратқа әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін 21.08.2023-ғы № 09/1892 хатымен 1 материал жолданған.

4. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясы: «Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасы» мемлекеттік мекемесінде мекеме басшысының орынбасары тарапынан Қазақстан Республикасындағы бюджеттік заңнаманы бұзудың 2 фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 234-1 бабына сәйкес, басшысының орынбасары Тәжімұрат Ермек Атшыбайұлын 2 әкімшілік іс әкімшілік жауапкершілікке тарту шаралар қабылдануда.

Аудиторлық іс-шара және қорытынды әзірлеу барысында барлығы 39 жауапты лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы 708 124,8 мың теңге өтеліп қалпына келтірілген (*оның ішінде 707 064,0 мың теңге қалпына келтірілген болса, 1 060,8 мың теңгесі өтелген*).

Тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар, өндірілген және қалпына келтірілген сомалар:

1. Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Кентау орталық қалалық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Мемлекеттік аудит барысында анықталған кемшіліктерге жол берген кәсіпорынның жауапты мамандары, аурухананың бас есепшісі Н.Керімбаева және күрделі жөндеу жұмыстарына жауапты инженер М.Алимбетов кәсіпорын басшысының 17.05.2023 жылғы №103н/к бұйрығымен «Ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

2. Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Созақ аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Мемлекеттік аудит барысында анықталған кемшіліктерге жол берген кәсіпорын басшысының 24.04.2023 жылғы №145н/қ бұйрығымен басшысының орынбасары Т.Калдыбеков «Ескерту» түріндегі және жауапты маман Т.А.Бейсембиев басшысының 17.05.2023 жылғы №170н/қ бұйрығымен «Ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

3. Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының Түлкібас аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтарға жол берген жауапты маман кәсіпорынның материалдық есепшісі Е.Тыщенко кәсіпорын басшысының 16.06.2023 жылғы №245 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Сонымен қатар, аудит жүргізу барысында бухгалтерлік есеп бойынша 20 800,9 мың теңге құрайтын сатып алынған негізгі құралдарға жататын тауарлар 2400 «Негізгі құралдар» шоты бойынша, 2730 «Материалдық емес активтер» шоты бойынша 3259,2 мың теңге және 1310 «Қорлар» шоты бойынша 3 488,8 мың теңгенің қорлары кіріске алынған.

Бухгалтерлік есептілік бойынша бастапқы құны 106 100,9 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар 2400-«Негізгі құралдар» шотына есепке алынып, қалпына келтірілген.

Бухгалтерлік есептілік бойынша бастапқы құны 106 100,9 мың теңгені құрайтын негізгі құралдардың тозу нормасының жалпы көлемі 22 167,2 мың теңге амортизациясы есептелініп, қалпына келтірілген.

Жалпы 155 817,0 мың теңге қалпына келтірілген.

4. Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Арыс аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Мемлекеттік аудит барысында анықталған кемшіліктерге жол берген кәсіпорынның бас есепшісі Е.Калмаханов кәсіпорын басшысының 07.06.2023 жылғы №680ж/қ бұйрығымен «Сөгіс» түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында 2022 жылдың есеп қисабына жалпы 31 021,7 мың теңгеге бухгалтерлік қайта дұрыс корреспонденция беріліп, бұзушылықтар қалпына келтірілген.

5. Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Облыстық клиникалық ауруханасы» ШЖҚ МКК. Аудиторлық іс-шара барысында бухгалтерлік есептілік бойынша бастапқы құны 194 378,6 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар 2400-«Негізгі құралдар» шотына есепке алынып, қалпына келтірілген.

Аудиторлық іс-шара барысында бухгалтерлік есептілік бойынша бастапқы құны 194 378,6 мың теңгені құрайтын негізгі құралдардың тозу нормасының жалпы көлемі 145 783,9 мың теңге амортизациясы есептелініп, қалпына келтірілген.

Жалпы 340 162,5 мың теңге қалпына келтірілген.

6. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК. Мемлекеттік аудит

